



ҰЛТТЫҚ САНА-РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Мемлекет
Басшысының
«Болашаққа бағдар:
рухани жаңғыру»
мақаласы еліміздің
мәдени-рухани
өмірінде және
қоғамдағы руха-
ни құндылықтарды
нығайтуда елеулі орын
алатын аса маңызды
бағдарламалық құжат
болып табылады.
Маңызды құжатты
университет ұжымы
да үлкен серпіліспен
қабылдап, үн қосуда.

Университеттің ғылыми кеңес залында 14 сәуір күні Елбасының мақаласына қатысты пікір алмасу және жұмыс жоспарын нақтылауға арналған кеңейтілген жиын өтті.

Химия ғылымдарының докторы, профессор А.Талтенов «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі басымдықтарына тоқталып, осы бағытта оқу орны ғалымдары мен студенттері атқаратын іс-шараларының ауқымды болатынын атап өтті.

Профессор Қ.Жүсіп мақалада айтылған қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру турасындағы ойларын ортаға салды: «Егер біз жаңа әліпбиге көшер болсақ, жастар ғана емес, үлкендер де тез үйрене алады. Себебі қазір мектептермен қатар, жоғары оқу орындарында да латын әліпбиі мен шетел тілдері қатар оқытылуда».

Тарих ғылымдарының докторы Ж.Таңатарова, т.ғ.к Г.Қайырғалиева Елбасы мақаласындағы гуманитарлық



Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

ғылымдар бағытындағы мәселелерге қатысты пікірлерін білдірді.

Жиынды қорытындылаған университет ректоры А.Талтенов оқу орнындағы өткен жылдан бастап қолға алынған «Атажұрт» бағдарламасын жаңа мазмұнда жаңғырту жұмыстарына тапсырма берді: «Біз университет қабырғасынан жастарға тарихи-мәдени құндылықтарымызды қастерлеуді үйретіп, патриоттық тәрбие беруді баса назарда ұстауымыз керек.

Тарихи-танымдық жұмыстардың қатарында біз Махамбет, Малайсары, Мұрат ақын секілді ұлт тұлғаларының кесенелеріне, тарихи орындарды жастарға таныстырдық. Биылғы жылы көршілес Астрахань олысына Құрманғазы бабамыздың ескерткішіне баруды жоспарлап отырмыз. Университетте жасалатын осы жұмыстарға ғалымдар, әсіресе тарих, философия, тіл, әдебиет саласы мамандары мен студенттері белсенді қатысуы тиіс».

АҢДАТПА!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ!

2017 жылғы 24-25 сәуірде «Қазақстан Республикасы спортының жоғары жетістіктерінің негізі – білім жүйесіндегі дене шынықтыру және бұқаралық спорттың инновациялық технологиялары» республикалық ғылыми-тәжірибиелік конференциясы болады. Ғылыми форумға ресейлік және отандық танымал тұлғалар қатысады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ!

2017 жылдың 26-27-сәуірінде «Музыка және өнер» кафедрасының 40 жылдық мерейтойына орай «Өнер мен музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері: дәстүрлер, инновациялар» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибиелік конференциясы ұйымдастырылады.

Конференция аясында Астана, Алматы, Астраханнан арнайы шақырумен кәсіби өнер шеберлерінің семинары (шеберлік сағаттары) өтеді:

1. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, күйші А.Н.Үлкенбаева
2. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші С.С.Жанпейісова
3. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, опера әншісі Ш.Қ.Абиллов
4. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Р.Қ.Дүйсембинова
5. Астрахань мемлекеттік консерваториясының профессоры, хор дирижері Л.И.Егоров

Университеттің ғылыми өміріндегі елеулі жаңалықтармен газетіміздің келесі санында таныса аласыздар

Қазақша Майкрасофт және алгебрадағы туысқандар

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі физика-математика ғылымдарының ролі» атты V Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы математика, физика және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандардың келелі ойларымен, тұшымды тұжырымдарымен ерекшеленді. Конференцияның пленарлық мәжілісінде еліміздегі ақпараттық технологияларды дамыту мүмкіндіктері мен математикадағы қазақ ғалымдарының жетістіктері жан-жақты баяндалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауынан туындайтын технологиялық жаңғыру, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру, адами капитал сапасын жақсарту жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында өткізілген аталмыш ғылыми жиын Атырау өңірінің ғылыми өміріндегі үлкен оқиғалар қатарынан орын алары сөзсіз.

Конференция жұмысын университет ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор А.Талтенов кіріспе сөзбен ашып, ғылыми жиынның мақсатымен және қатысушылармен таныстырды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің атынан келген конференция қатысушыларына құттықтау хатын оқыды.


Ғылыми конференцияның пленарлық мәжілісінде баяндама жасаған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ-Британ Техникалық Университетінің Жоғары және қолданбалы математика кафедрасының профессоры Жұмаділдаев Асқар Серкүлұлының алгебра саласындағы жаңалықтар және түрлі есептерді шешу жолдары жайындағы баяндамасы қатысушыларға ерекше әсер етті. Күрделі есептерді шешудің жаңа жолдары мен математикадағы «Новиков алгебрасы», «Цинбиел алгебрасы» және басқа да заңдары және ғалымның өзі ашқан «Төртқара алгебрасы», «Төрткен алгебрасы» заңдары түсіндірілді.

Ғылыми конференцияда ЕҰУ теориялық математика және ғылыми есептеу институтының директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Темірғалиев, «Харьков политехникалық институты» Ұлттық техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Нина Хайрова, ЕҰУ жанындағы «Евразиялық халықаралық теориялық физика орталығы» директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, «Жалпы және теориялық физика» кафедрасының профессоры Ратбай Мырзақұлов, Ресей ғылым академиясының бірегей аспап жасау ғылыми-технологиялық орталығының директоры, Мәскеу технологиялық университетінің метрологиялар және стандарттау кафедрасының меңгерушісі, фи-

зика-математика ғылымдарының докторы, профессор Марат Болатов, ҚР ҒА механика және математика зертханасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Анарбай Құдайкүлов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кафедра меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Салтанбек Мұхамбетжанов физика-математика саласынағы өзекті мәселелерді қамтыған баяндамалар жасады.

Профессор Н.Темірғалиев өзінің баяндамасында технологиялық жаңғыруды жүзеге асыру мақсатында ЕҰУ теориялық математика және ғылыми есептеу институты ұсынған Жалпыұлттық жобалармен таныстырды. Бұл жобалар 2015 жылға дейін «Қазақша Майкрасофт немесе қолданбалы бағдарламалар пакеті» аталған «Негізгі математикалық моделдердің авторлық компьютерлік есептеулері» және «Математикалық кемелдену» ұстанымы тұрғысынан бірінші және соңғы сыныптарға дейінгі мектеп математикасы бойынша оқулықтар мен бағдарламалар жасау» жалпыұлттық жобалары бүкіл еліміз бойынша математикалық сауаттылыққа қызмет етеді.

Украинаның «Харьков политехникалық институты» Ұлттық техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Н.Хайрова



бүгінгі ақпараттық қоғамда жаңа технологиялардың білім көзіне айналып отырғандығына баса назар аударды. Информатика, әсіресе, тілдік салалардағы ақпаратты автоматты өңдеу секілді лингвистикалық технологияның ролі артып отыр. Оның ішінде компьютерлік желілердегі құрылымдары өңделмеген ақпараттардың көбеюінде ақпаратты автоматты түрде алудың маңызы зор. Ақпаратты алу (IE-Information Extraction) технологиясы мен онтология жасау секілді автоматты әдістерге (Automatic Ontologygeneration) күннен күнге сұраныс арта бермек.

Конференцияға еліміздің барлық өңірлерінен 90-нан аса мақалалар қабылданды және конференция материалдарының екі томдық жинағы жарық көрді.

Екі күнге созылған конференцияның секциялық мәжілістерінде физика-математика ғылымдарының негізгі бағыттары, аймақтағы IT-саланы дамыту, енгізулер мен нәтижелер, білім берудегі инновациялық тех-

нологиялар бағыттар бойынша ғылыми баяндамалар тыңдалды.

Атырау университетінде «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі физика-математика ғылымдарының ролі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын 3 жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу туралы шешім 2005 жылы өткен осы тақырыптағы бірінші конференцияда қабылданған болатын. Әрбір конференция өзінің мазмұндылығымен, қатысушы ғалымдардың сапалық құрамымен ерекшеленеді. 2017 жылғы, V Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда да атыраулық ғалымдар мен мектеп мұғалімдері үшін теориялық тұрғыдан мол мағлұматтар берілді.

Сондай-ақ халықаралық ғылыми форум Атырау университетінің ғылыми өміріндегі маңызды оқиға саналатын «VII ХАЛ-ЛЕЛ ОҚУЛАРЫ-2017» аясында ұйымдастырылғандығын атап өтеміз.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА
Баспасөз қызметінің жетекшісі



Ең үздік ІТ мамандар Атырау университетінде

2017 жылдың 6-7 сәуірінде «5B011100-Информатика» мамандығынан мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындары арасындағы студенттердің ІХ республикалық олимпиадасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің базасында өтті.

Олимпиадаға еліміздің түрлі аймақтарынан барлығы 14 команда, Атырау университетінен 2 команда қатысып, ережеге сай 2 турда сайысқа түсті. Әділқазылар алқасы барлық қатысушылардың жұмыс сәтін, олардың тапсырмаларды орындауын тікелей видеобақылау арқылы қадағалап отырды.


Мұнайлы астанада Атырауда өткен республикалық олимпиаданың нәтижесінде бірінші орынды – Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің, екінші орынды – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының, үшінші орынды – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті командалары жеңіп алды.

Сондай-ақ Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті командалары үздіктер қатарынан табылды.

Жеке сайыста үздік шыққан Ермек Жантілеуов (Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті) ҚР Білім және ғылым министрілігінің І дәрежелі дипломымен, Ақниет Сарсенбек (Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті), Руслан Смаилов (Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты) ІІ дәрежелі, Омар Жұмағалиев

(Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті), Александр Поляков (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті), Азат Сапарғалиев (Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті) ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Атырау университетінің студенттерінен құралған 2 ко-



манда да конкурстан тыс қатысты, сондықтан олар үздік нәтижелер көрсеткеніне қарамастан байқау ережесіне сай жүлделі орын ала алмайды. Өз кезегімізде ел көлемінде ең үздік ІТ студенттер біздің университетте екенін мақтанышпен атап өтеміз.



Олимпиаданың бірінші орын жеңімпаздары (Ақтау қаласы)

Айнагүл Дүйсекенова: ҰБТ-ның жаңа форматын ұғыну үшін алдын-ала тестілеуді жиі тапсырып, өзіңіздің дайындығыңызды тексере беріңіз.

Биылғы мектеп бітіруші түлектер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге жаңа өзгерістер енгізілген болатын. Осыған орай Атырау университетінің Ұлттық Тестілеу Орталығының №30 бөлімшесінің директоры Айнагүл Дүйсекеновамен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

-Қайырлы күн, Айнагүл ханым! Алдымен, ең алғашқы сауалымнан бастасам, биылғы жылы ҰБТ жаңа форматқа өзгерді. ҰБТ-ның бұрынғы өту тәртібімен салыстырғанда биылғы ең басты өзгерістерді атап өтсеңіз.

-Сәлеметсіз! Баршаға мәлім, биылғы жылы түлектер Ұлттық бірыңғай тестілеуді жаңа форматта тапсырады. Бұған дейін ҰБТ үлкен екі процесті қамтыды, яғни мектеп бітіруші түлек ҰБТ тапсыру арқылы сертификат пен аттестат алатын. Сол арқылы Қазақстанның кез келген жоғары оқу орнына ақылы немесе грант негізінде оқуға түсе алатын. Ал биылғы жылы Білім және ғылым министрлігі енгізген ең басты өзгеріс ол - мектеп бітіруші түлек ең бірінші мектеп базасында қорытынды аттестаттау тапсырып аттестат алады және сол арқылы ҰБТ-ді іріктеу емтиханы ретінде оқу орнына келіп тапсырады. Тағы бір басты өзгеріс тестілеудің пәндері өзгертілді.

-Биылғы жылы тестілеулер қандай пәндерден өтеді?

-Түлектер бес пән бойынша қорытынды аттестаттау тапсырады. Ол: оқыту тілі пәні бойынша қазақ тілі және әдебиеттен ессе жазады, алгебра және анализ бастамалары пәнінен бақылау жұмысын жазады, үшіншісі Қазақстан тарихынан билет сұрақтары арқылы тапсырады. Одан кейінгі төртінші емтихан пәні қазақ мектептері орыс тілінен, орыс мектептері қазақ тілі пәнінен тест тапсырады. Ал бесінші пән, түлек өзі таңдаған пәнінен тест тапсыру болып есептелінеді. Оқушылар аттестаттарын алғаннан кейін жоғары оқу орнына түсу үшін ҰБТ тапсырады. Онда бес пән бар: математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы және екі таңдау пәні. Талапкердің максималды түрде 140 балл жинауға мүмкіндіктері бар. Олай дейтін себебін таңдау пәні бойынша екі дұрыс жауаптан берілген, сол арқылы оқушы өзіне балл қосып жинай алады. Бұл мектеп бітіруші түлектің таңдау пәнін теориялық тұрғыда қандай дәрежеде меңгергенін тексереді.

-Жоғары оқу орнына түсу үшін қанша балл жинау керек?

-Оқушы 140 баллдың 50 баллын жинаған жағдайда оқу орнына түсе алады. Бұл бұрынғы тәртіп бойынша қалдырылды. Жалпы тестілеу қалай өтетінін толықтай айтып өтейін. Математикалық сауаттылық пәні функцияналдық әрі логикалық тест тапсырмаларынан тұрады. Ал оқу сауаттылығында дайын мәтін беріледі, соған байланысты сұрақтар құрастырылған болады. Қазақстан тарихы пәнінен тестілеу түрінде өтеді. Сондай-ақ түлектің қалауындағы мамандыққа орай қай пәнді таңдау керектігі министрліктің шешімімен Ұлттық тестілеу орталығының сайттарына жарияланды.

-Ұлттық Бірыңғай Тестілеу қай уақыт аралығында және қай пунктте іске асады?

-Қорытынды аттестаттау 29 ма-

мыр мен 10 маусым аралығында мектеп базасында өтеді, яғни әр түлек өз мектебінде тапсырады. Ал аттестатын алған түлектер Ұлттық Бірыңғай Тестілеуді Атырау облысы бойынша тоғыз пунктте 20 маусым мен 1 шілде аралығында тапсырады. Тоғыз пункттің жетеуі аудандарда, ал екеуі осы Атырау қаласында орналасқан. Қаламыздағы пункттер: Атырау мұнай және газ университеті, екіншісі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің базасы болып табылады.

-Жаңа формат туралы мектеп бітіруші түлектерге үгіт-насихат



жұмыстары жүргізілуде ме?

-Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде орналасқан №30 Ұлттық Тестілеу Орталығы базалық филиал болып есептеледі. Филиал қызметкерлері ҰБТ жаңа форматы бойынша аудан және қала мектептеріне арнайы барып, түсіндіру жұмыстары, оқу семинарларын өткізді. Оқушылар мен ата-аналармен кездесті, сауалдарына жауап берді. Барлық ақпаратты уақытылы жеткіздік, түсіндірдік. Одан бөлек тестілеуге дейін университетте алдын-ала тестіден өткізуді жоспарлап отырмыз. Ал бұл, оқушылардың тестілеу кезінде өздерін еркін ұстауға, ойларын жинақтауға, психологиялық тұрғыда бәріне дайын болу үшін ұйымдастырылады. Жылдың басында ҰБТ-ге дайындық ретінде сынақ кітапшаларына, оқу-әдістемелік кітаптарына сұраныс берілді. Ол құралдар уақытылы мектеп бітіруші түлектерге таратылды. Биылғы жылы тестілеу жаңа форматта өтетіндіктен сынақ байқауларын жиі өткізіп тұруға тырысып жүрміз. Сонымен қатар, жаңа формат тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де түсіндірілді.

-Түлектеріміз тестілеуден өтпей қалған жағдайда, оларға басқа қандай мүмкіндіктер қарастырылған?

-Бытырғы оқу жылынан бастап Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде шектік балл жинамай қалған жағдайда немесе шектік балл жинап, кей

шектік балл жинамай қалған жағдайда кредиттік жүйедегі оқу ақысын төлеп, университеттен шығарылады. Ол келесі жылы қайтадан тест тапсырып, осы оқу орнына қайта оқуға қабылдана алады.

Сондай-ақ Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында шығармашылық емтихан арқылы түсетін мамандықтар бар. Бұл мамандықтарға журналистика, бейнелеу өнері және сызу, дизайн, дене шынықтыру және спорт және де бастапқы әскери дайындық, вокол, хореография сияқты мамандықтар жатады. Егер оқушы шығармашылық емтиханы бар мамандыққа түсетін болса, Ұлттық Бірыңғай Тестілеу тапсырарда тек қана үш негізгі пәнді тапсырып, таңдау пәнін тапсырмауға құқылы. Қалған екі пәнді өзі таңдаған



пәндерден жеткілікті балл ала алмай қалған жағдайда тамыз айында кешенді тестілеу өткізіледі. Бұл жолы ақылы түрде өтеді. 2245 теңгені Ұлттық Тестілеу Орталығы шотына аударып, кешенді тестілеу тапсыруға мүмкіндік алады. Ал екінші мәрте шектік балл жинамай қалған жағдайда, абитуриенттер университетте тыңдарман ретінде оқу ақысын төлеп, сабаққа қатыстырылады. Бір семестр оқығаннан кейін қаңтар айында тағы да кешенді тестілеу өтеді. Сол кезде жеткілікті балл жинаған жағдайда әрі қарай студент ретінде университетте қалдырылады. Ал

жоғары оқу орнының шығармашылық емтихан өтетін күндеріне барып, тапсыра алады. Шығармашылық емтихан күндері министрліктің бекітуімен алдағы уақытта белгілі болады. Оны мектеп бітіруші түлектерге уақытылы жеткізіп отырамыз.

-Нақты мәліметтермен сұхбат бергеніңізге рахмет! Мектеп бітіруші оқырман түлектерімізге үлкен көмегін тигізеді деген ойдамын. Сау болыңыз!

-Сау болыңыздар!

Малика ТАКЕЖАНОВА
1-курс студенті

Ардақты барша халық Халелісің

Халқымыздың сегіз қырлы, бір сырлы ардақты ұлының өмірі мен өнері оны Халел атандырды. Осындай жан-жақтылық қасиеті болмаса, мүмкін, Халел болмас па еді? Елін сүйген ұлт мақтанышы, Алаш қайраткері, әмбебап ғалым-Х.Досмұхамедұлын білмейтін қазақ кемде-кем. Талай ғасырлар бойы бабалар аңсаған Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, бостандық заманы туды. Тәуелсіздік – біздің тұғырымыз, біз үшін асыл сөз.

Ұлы тұлғалардың қалдырған мұраларынан, бір жапырақ қағаздарымен жұмбақтап айтқан тұспалынан сағынышқа толы сырлар аңғарылатыны хақ. Сол Халел жазған сырларды бүгінгі жастар жадында сақтап, ел ертеңі үшін ұмытпауы тиіс. Біз – «Мәңгілік елміз», мәңгі өмір сүретін адам болмайды, еліміз бен тәуелсіздігіміздің мәңгілігі болуы үшін халық мәдениет пен білімге ұмтылуы қажет.

**«Арнаған азат таңға жан өрісін,
Ардақты барша халық Халелісің
Алашқа алтын күмбез
орда салған**

Заңғайыр өнер, білім, әлемісің»,
– деген Кәкімбек Салықовтың бір шумақ өлеңі ойға оралады. Ол – өнер мен ғылым, білім әлеміне жұлдыздай жарқ етті.

Өзім білім алған облысымыздағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі – облыстық Ж.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған лицейде оқып жүрген кезімде ұстазым Фаруза Шангереева филологиялық бағыттағы шеберлігімді шыңдауға көп көмектесті. Тіл саласында бірнеше облыстық, республикалық ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларда биік тұғырдан көріндім. Осындай білім бәсекелерінде мен Халел зерттеген сингармонизм заңына тоқталдым.

Қазақ тілі фонетикасына Халел енгізген сингармонизм заңы – қазақ тілін сол заманда жоғары

сатыға көтерді. Кеңес үкіметі тұсында «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деп аталатын еңбегі қазақ тіл білімі тарихынан ерекше орын алды. Халелдің осы тұрғыдан ескертетіні – тілімізге жат, кірме сөздерді, терминдерді қолданғанда, сингармонизм яки үндестік заңымен өзгертіп, өзіміздің тілімізге лайықтап алудың керектігін ескертеді. Бұл оның лингвист ғалым екендігін тағы бір айқындай түседі.

Оның педагогика саласындағы еңбегі ұшан-теңіз. Оны біз өзі жазған оқулықтардан бастап, ұлы қызмет-ұстаздықты абыроймен атқаруынан аңғара аламыз. Сонау 1928 жылы елімізде тұңғыш ашылған жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ашылуына белсене атсалысып, проректор қызметін қоса атқарып, педагогика пәнінен дәріс берді.

Х.Досмұхамедов халқымыздың шаруашылық кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, аңшылық өмірі, киіз үй мен оның барша жиызы, ұлттық киімдері, әсіресе қыздар тағатын алтын-күміс, сырға-шолпы, теңге, бес қару мен ер тұрманды т.б. тізбектей келіп, осылардың жас буынды еңбекке, кәсіпшілікке, ерлікке, әсемдікке, адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиеленудің маңызы зор екенін нақты деректер келтіріп дәлелдейді. Ғалым тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екенін ай-



тады. «Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді. Мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу бұл сүйініш, өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате,» – дейді.

Бұл – бүгінгі қауымның ұстаздарына да өте қажет құндылық. Тек қана ұстаз ғана емес, көпшіліктің назарында болатын нәрсе. Бүгінгі таңдағы ұстаздар Халелдің осы методикалық бағыты бойынша білім бергені абзал.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Ха-

лел есімі қайта жаңғырды. Атырау педагогикалық институтына Х.Досмұхамедовтың есімі берілді, үздік студенттері үшін арнайы стипендия тағайындалды.

Бұдан басқа Қазақстанның әр түкпіріндегі мектептер мен көшелерге Халелдің есімі берілді. Осындай Алаштың ардақты ұлының есімі халық есінде мәңгі жатталмақ: **«Шықсаң дағы қанша қырдың белесіне,
Көрмейсің сен олардың елесін де.
Құрбан болған еріңді ұмытпағың
Ер есімі қалады ел есінде.»**

**Заманбек ШАКИРОВ,
филология мамандығының
1 курс студенті**

Ғылым апталығы

Университетте Қазақстан Республикасының ғылым қызметкерлері күніне арнайы жоспар жасалып, ғылым апталығы ұйымдастырылды. Жоспарға сәйкес 10-14 сәуір аралығында университеттің барлық факультеттерінде ғылыми-көпшілік іс-шаралар болды.

Ұйымдастырылған жұмыстардың тақырыптары қазіргі кездегі көкейкесті мәселелерге арналды. Жаратылыстану және ауыл шаруашылық ғылымдары факультеті «Жасыл экономика-экономикалық дамудың инновациялық векторы» дөңгелек үстелін, гуманитарлық ғылымдар факультеті Алаштың 100 жылдығына студенттер ғылыми конференциясын, академик Зейнолла Қабдоловтың 90-жылдығына арналған «Филология феномені» апталығын, экология оқу-ғылыми орталығы «Гидробиология және су экожүйесі» дөңгелек үстелін, биология кафедрасы «Болашақ экологиясы: экоэнергетика және бионанотехнология» конференциясын жоғары деңгейде өткізді. Экономика және құқық факультеті «атырау облысында кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбында Атырау облысы Кәсіпкерлер палатасының ди-

ректор А.Д.Жакиевтің және бизнес-орта өкілдерімен кездесу өткізді. Сондай-ақ құқық кафедралары өткізген көрнекі сот процесі мен тергеу-тексеру жұмыстары туралы шеберлік сыныптары юристер үшін өте пайдалы болды. Инновациялық білім факультетіндегі «Жастар және ғылым», шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасындағы «Тіл үйренудің лингвистикалық және методикалық аспектілері» ғылыми-практикалық конференциялары студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыруда өзіндік жаңашылдықтарымен ерекшеленді.

12 сәуір күні университеттің бір топ ғалымдары мен студенттері академик Қаныш Сәтпаевтың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойды. Оқу орнында дәстүрге айналған бұл шара жалпы ғылымға көрсетілген құрмет деп қабылдаймыз.



Апталықтың қорытынды шарасы 14 сәуірде Ғылыми кеңес залында өтті. Университеттің ғылыми жетістіктеріне үлес қосып жүрген бір топ әріптестеріміз Білім және ғылым министрлігі, Атырау облысы және қаласы әкімдігі, «Нұр Отан» пар-

тиясы облыстық филиалы, университет ректоры атынан марапаттар алды.

**Іңкәр Жәнібекова
ҒЫЛЫМ-ТЕХНИКАЛЫҚ
ақпараттар бөлімі меңгерушісі**

АЛТЫ КІЛТ – АЛТЫН КІЛТ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде студенттерді кәсіпкерлікке баулу және жаңа бизнес-идеялар табуға арналған «Алты кілт – Алтын кілт» инновациялық идеялар турнирі жобасы бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту, кәсіпкерлікті дамытуды маңызды басымдық ретінде атап көрсеткен болатын. Осы орайда Атырау мемлекеттік университетінде студенттерді кәсіпкерлік негіздеріне оқыту мен

қатар студенттер тарапынан қойылған сауалдар да ескерусіз қалмады.

Кездесуден соң қатысушылар алты командаға бөлініп, адами ресурстарды дамыту бөлімінің басшысы Зумрат Сұлтанованың «Топта жұмыс жасау» семинар-тренингіне қатысып, 1 аптаға тапсырмаға алды. Әрбір топқа 1 қаламнан берілді. Бір апта ішінде сол қаламды топтар құнды нәрселерге алмастыруы



жастардың бизнес ортасын қалыптастыруға көңіл бөлінуде. Аталмыш жобаның мақсаты - Атырау облысы кәсіпкерлерімен байланыс орнату; жаңа бизнес-идеяларды іздеуді студенттерге үйрету және идеяларды генерациялау; университет қабырғасында жүріп жаңа кәсіп ашу үшін студенттерге біліктілік дағдыларын үйрету, тапсырмалар арқылы студенттерге кәсіпкерлікпен айналысып көруге жағдай жасау; жаңа бизнес-идеяны қаржыландыру және университет тарапынан қаржылай, психологиялық және біліммен қолдау көрсету болып табылады.

Инновациялық идеялар турнирінің алғашқы отырысына университеттің Бірінші проректор - Стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, жоба идеясының авторы Шилібекова Айгерім Сенбекқызы қатысып, жобаға қатысушы студенттерге алғысын білдіре отырып, жоба туралы мағлұмат берді. Көптеген қызықты деректермен бөлісіп, сұрақтарға белсенді жауап берген студенттерге сыйлық ұсынды. Сонымен

қажет. Қаламды ең құнды затқа алмастырған топ жеңіске жетеді және топ қатысушылары кілттерге ие болады. Жеңіске жеткен құнды зат және барлық құнды заттар бизнес-инкубатор қорына тапсырылады.

Жобаны үйлестіруші, «iSpace» бизнес-инкубатор бөлімінің басшысы Бибігүл ШАЙХИЕВАНЫҢ айтуынша, жоба барысында қатысушылар тек қана тапсырмалар орындап қана қоймай, 6 апта бойы мамандардың инновация, бизнес, көшбасшылық, маркетинг, топта жұмыс жасау, келіссөздер жүргізу тақырыптарындағы семинар-тренингке қатысып, біліктілік дағдыларын үйренеді. 6 аптадан соң топтар жаңа бизнес жоба ойлап тауып, облысқа танымал белгілі кәсіпкерлердің көмегімен презентация дайындайды. Жобаларды қорғау маусым айында болады. Ұтысқа ие болған команда 300 000 теңге көлемінде ұтысқа ие болады. Ал «әр кілт» 5000 теңгеге алмастырылады.

Жоба аясында блогерлер арасында «Алты кілт – алтын кілт» жобасы туралы ең үздік мақала, «Команда қатысушысы ту-



ралы ең үздік мақала», «Командалардың жұмысы туралы ең үздік мақала», «Спикер туралы ең үздік

мақала», «Университет газетіне жарияланған Ең үздік мақала», «Ең үздік фото-сурет» номинация-

лары бойынша жеңімпаздар анықталатын болады.

Арайлым Нугманова

Күй Қағанынан Тәлім



Биыл Музыка және өнер кафедрасына 40 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында бұл оқу орнында талай талантты ұстаздар еңбек етті, талай дарынды шәкірттері өнер мен білімнің қара шаңырағынан түлеп ұшты. Осы өнер шаңырағында ұстаздық қызмет еткен белгілі тұлғалардың бірі профессор Рысбай Ғабдиев еді.

Рысбай Хисметұлы 1980–1990 жылдары Гурьев педагогика институтының музыка педагогикалық факультетінің деканы болып қызмет атқарды. Бұл кезең оның ғұмырындағы нағыз бір жемісті жылдар болды. Сол жылдары жаңадан ашылған факультетте Кеңес одағының әр өңірінен жоғарғы музыкалық оқу орындарын тәмамдаған түрлі ұлт өкілдерінің жас мамандары қызмет еткен еді. Рысбай аға жаңа құрамдағы әріптестерімен тезіт табысып, оларды ұйымдастыра отырып, жастарға үлгі көрсете қызмет етті. Ол басшылық қызметімен қоса, факультеттегі студенттер оркестрінің шығармашылық жұмысын қоса алып жүретін.

Енді осы тұста өзіміздің ұстаз туралы естілімді де айтып өтуді жөн көреміз. 1980–1984 жылдары музыка факультетінде білім алған кезеңдерім Рысбай ағаның қызмет еткен жылдарымен тұстас келген еді. Ол аптасына екі мәрте өткізілетін студенттер оркестрін басқарды. Біз оркестрді асыға күтетінбіз, себебі ұстаздың тәлімін тыңдау біз үшін әрдайым үлкен жаңалық болатын.

Ол кісінің паң, кербез келген сыртқы келбетін көрудің өзін бір мәртебе көретінбіз. Өзінің өн бойына лайық кіршіксіз талғамды киімімен, жинақы жүріс-тұрысымен, асықпай-саспай сөз саптау білетін қасиетімен ерекшеленетін. Ал маман ретінде өте жоғары дәрежедегі тәлімгер болды. Туа біткен музыкаға деген аса дарындылығы, жан дүниесінің музыка үшін жаратылған жан екендігі әр қимылынан байқалатын. Сөзіміздің дәлелі ретінде Рысбай Хисметұлының өмірдерегінен мынандай үзінді келтіре кетейін.

1951 жылы 15 жастағы Рысбай Алматыда республикалық сайыста Құрманғазының «Төремұраты» мен «Байжұманы» орындап, бас жүлдені жеңіп алады. Жас күйшінің аяқ алысын бірден байқаған қазылар алқасының мүшесі Нұрғиса Тілендиев жас Рысбайға: «Оныншы класқа дейін оқимын деп әуре болма. Тезірек Алматыға, қасыма кел», – деп ақыл айтады. Сол жарыстағы Рысбайдың күй тартысын радиодан естіген Дина Нұрпейісова: «Әлгі «Төремұратты» тартқан баланы алдыма

әкеліңдер» – деп, алып кетуге келінін жібереді. Бірақ концерттен кейін әркім өз шаруасымен кетіп, бала Рысбай елге оралғандармен ілесіп кете барады. Келесі жылы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесіне оқуға түскеннен кейін, енді ұлы күйшінің алдын көретін болдым деп жүргенде, Дина шешей кететтен ауырып қайтыс болады. Дина шешейдің ақ батасын алуға үміттеніп жүрген жас Рысбай қатты өкінеді, «Әлгіндегі «Төремұратты» тартқан баланы алдыма әкеліңдер», – деген қоңыр үні ғана құлағында мәңгі қалады.

Рысбай аға өз ісін өте жетік білетін маман еді. Оркестрдің репертуарын аса талғаммен таңдайтын. Шығарманың сапалы орындалуы үшін алған репертуар оркестрдің құрамына сай болу керек екендігін айтып отыратын. Музыка аспаптарының сапасын жақсартуға, музыканттардың орындау шеберлігін арттыруға аса мән беретін. Оркестр партиясын әр музыканттың жеке орындауын талап етіп, ұжым алдында талап қоятын. Репетиция дәл уақытында баста-

лып, ешкімнің сабақтан кешігуіне жол бермейтін. Аса жоғары шығармашылық дәрежеде, шығармашылық шабытпен өтетін ол кісінің сабағына студенттер үнемі дайындықпен келетінбіз. Сабақ кезінде аса қатал болғанмен, кейін барлығымызбен жылы сөйлесіп, ақыл-кеңесін айтып отырды. Студенттік кезімізде оркестрмен көптеген қалалық, аймақтық мәдени шараларға жиі қатынастық. Рысбай аға концерт алдында аса бір ақыл айтып артық сөйлеп жатпайтын, біз репетиция уақытынан-ақ сахнада өнер көрсетуге тас-түйін дайын болуға дағдыланып алатынбыз. Осы қасиетті тәлімінің мәні мен үшін әлі күнге жұмбақ. Жауапты мерекелік концерттерді табыспен аяқтаған соң дирижер оркестр ұжымына бағыттап «бәрің де вертуозсыңдар» деп мадақтап отырушы еді. Ұстазымыздың осы сөзінен кейін көкірегімізде қуаныш пайда болып, өзімізді мықты музыканттай сезініп, қанаттанып қалатынбыз...

Он жыл табан аудармай еңбек еткен тәлімгер өнерге құлшынысы бар жастарды тәрбиелеуге ерен еңбегін сіңірді. Өз басшылығындағы факультеттің абыройын асқақтатты. 1980 жылы институттың студент жастары мен бұрын өзі еңбек еткен Мақат ау-

даны оркестрін біріктіріп Болгария астанасы София қаласында өткен Халықаралық фестивалге қатынасып, бірінші орын және алтын медальды иемденді.

Рысбай Ғабдиев талай рет Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында шеберлік кластарын өткізіп, домбырашылармен өз орындау шеберлігінің құпия сырларымен бөліседі.

Р.Ғабдиев Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Есбай, Сейтек, Абыл күйшілер шығармашылығының үлгісін бізге жеткізіп, орындаушылықтың өзіндік қолтаңбасын қалдырған аса шебер домбырашы. Халық композиторларының 30-ға жуық күйі оның орындауында күйтабаққа жазылды және олар радио мен теледидардың алтын қорында сақтаулы.

Оның нағыз майталман дирижерлік және ұйымдастырушылық қабілетінің куәсі – 1990 жылы құрған Дина Нұрпейісова атындағы оркестр. Осы өнер ұжымында бас дирижер болып, шет мемлекеттерінде қазақ өнерін насихаттады. 2000 жылы шығармашылық қызметінің нәтижесінде ұжым «Академиялық ұлт-аспаптары оркестрі» атағына ие болады. Бұл күнде Дина атындағы оркестр Рысбай аға салған сара жолмен ел алдында өз қызметін абыроймен атқаруда.

Бүгінде өзіміз де ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеп отырмыз. «Музыка және өнер» кафедрасының 40 жылдығына Рысбай Хисметұлының 80 жылдық мерейтойы сәйкес келіп тұрған тұста, ұлы ұстаздың Атыраудағы білім шаңырағына сіңірген еңбегін, қалдырған тәрбиелік үлгісін жария етіп, жерлестерімізбен бөлісуді жөн санадым. Ағамыз 10 жыл бойы басшылық еткен студенттердің халық аспаптар оркестрі биыл университет ректоры Абзал Ахатұлы Талтеновтің қолдауымен қайта жаңғырып, ұстаздарды да, шәкірттерді де қуантты. Ұжымдық өнердің қайта жаңаруы кафедраның 40 жылдық мерейтойына тұспа-тұс келуі біз үшін үлкен қуаныш.

Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина сынды дара тұлғалардың ізбасары Рысбай ағаның бейнесі мен сіңірген еңбегі әлі жазылмайды. Ұлағатты ұстаз, дәулескер домбырашы аға есімі қазақ өнерінде мәңгі сақталып қалды.

Гүлнар РЫСҚАЛИЕВА
Музыка және өнер кафедрасының аға оқытушысы

Балаңыз Балалар Университетінен сырт қалмасын



Өңірімізде жаңашыл идеяларды жүйелі іске асырып отырған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жуырда тағы бір жағымды бастама – Балалар Университетінің (Kids University) салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Өз жұмысын бастаған Kids University – Балалар Университеті Атырауда ғана емес, Қазақстан бойынша алғашқы бірегей жоба болып табылады.

Осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2002 жылы Тюбинген қаласының «Schwäbische Tagblatt» газеті мен Тюбингендегі Эберхард және Карл Университеті қалада бірінші Балалар Университетін ұйымдастырған еді. Кейіннен «Die Zeit» апталық басылымындағы мақала арқылы жаңа бастама Германияның басқа да өңірлеріне тез таралды.

Оның алдында Австрияның Инсбрук Университеті 2001 Этци адамы мумиесының табылуының 10 жылдығына балаларға арнап ұйымдастырған танымдық шара Junge Universität немесе ағылшынша Kids University атауына ие болды. Бүгінгі таңда әлем бойынша 150 Балалар Университеті жұмыс жасайды.

Балалар Университетінің идеясы – жас өрендерді өздерінің барлық ішкі мүмкіндіктерін ашып, оны нәтижелі жүзеге асыруға ұмтылдыру, қазіргі заманға сай креативті, тілдерді меңгерген, түрлі топтарда тіл табыса жұмыс жасау, ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдана білу, жаңа дизайндық үлгілер құру дағдыларын қалыптастыру. Ал Балалар Университеті жобасының мақсатына келсек, ол – балалардың, мектеп оқушыларының жалпы білім беретін мектептер бағдарламасының аясынан шығып, халықаралық білім кеңістігіне енуіне жағдай жасау, қарапайым және қызықты тілде жастарды ғылымға баулу. Шын мәнінде мектепте ғылым негіздері оқытуға мән бергенімізбен, балалардың ұшқыр санасы қоятын «Ағаштардың жаны бола ма? Неге өмірде адамдар

бай немесе кедей болады?» секілді қарапайым да күрделі сауалдарға жауап беру оңай емес.

Kids University бағдарламасы аясында балаларға нағыз зерттеуші ғалымдар дәріс беріп, өз саласы бойынша кішкентай білімпаздардың «неге?» деген сұрақтарына жауап беретін болады. Балалар Университетінің өзге оқу бағдарламаларынан ерекшелігі – бұндағы мақсат балаларды оқыту емес, олардың ғылым мен техникаға қатысты түрлі сауалдарына пәндік салалар бойынша қызықты дәрістер өткізу.

Алдымен университеттің ұстаздарымен қызметкерлерінің балаларын.

Мектеп оқушыларының көктемгі каникулы кезінде жұмысын бастаған Kids University жобасына 5-11 сынып оқушылары қабылданған. Жобаның алғашқы қатысушылары қатарында Атырау университеті профессор-оқытушыларының балалары бар.

Балалар Университетінің студенттері-мектеп оқушылары қазіргі каникулдағы бос уақытында өздерін шынайы университеттік ғылыми ортада сезініп, қаламызға танымал ғалымдардан түрлі пәндерден дәріс алуда.

Балалар Университетінің бірінші құрамына 5-11 сынып аралығындағы 52 оқушы қатысады. Олар 27-31 наурыз аралығында математика, информатика, экология, ағылшын тілі, тарих пәндерінен қызықты дәрістерге қатысып, көркемсурет студиясында жұмыс жасайды.

Балалар Университетінің келесі оқулары жазғы каникулда кезінде өтетін болады.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИҚЫЗЫ
баспасөз қызметінің жетекшісі





«ASU CUP» алаңындағы аламан



Қазіргі таңда құрамында 40-қа жуық пікірсайысшысы бар бұл клубтың негізгі мақсаты – жастарға білім беру, әлеуметтік, қоғамда қажетті мақсаттарға қол жеткізу, пікірсайыс бірлестігін қолдау және дамыту. Университет қана емес, жалпы атыраулық жастар арасында танылып үлгерген пікірсайыс клубының президенті жастар саясаты департаментінің маманы Абылай Құрметұлы, ал бас бапкері – стратегиялық даму департаментінің маманы Мұратбек әл-Шардари. Екеуі де Еуразия ұлттық университетінің түлектері.

«Рим империясы кезінде әлеуметтің пікірін айтып, халықты толғандырып жүрген мәселелерді сенатқа шығарып, өз ойларын ашық айтатын, проблеманың шешімін табуға үлес қосатын адамдар сенаторлар аталды. Жалпы, Рим империясы тұсында пәкірсайыстардың пайда болған және гүлденген кезі болды. Бізде қазіргі жастарымыздың римдік сенаторлар секілді өз ойларын ашық әрі еркін жеткізу, сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнері, ой ұшқырлығын дамыту, қоғамдағы мәселелерді еркін көтеріп, рационалды пікірін ұсына

Пікірсайыс – бұл білімділер мен тапқырлардың, санасы креативті ойларға толы және ораторлық қабілеті жоғары жастардың басын қосқан орта. Жарты жылдай ресми емес түрде «Атырау пікірсайыс клубы» деп аталып келген жастар ортасы 11 ақпанда салтанатты тұсау кесерін өткізіп, бұдан былай «Сенатор» пікірсайыс клубы атауына ие болып, құрылды.

алатын индивидтерді тәрбиелеу мақсатында клуб атын «Сенатор» деп атадық», – дейді Мұратбек әл-Шардари.

Осы мақсатта «Сенатор» пікірсайыс клубы 8-9 сәуір күндері «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қаблеттілік» атты университет ректоры кубогіне арналған «ASU CUP» аймақтық ашық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды. Бұл турнирге арнайы Ақтөбе, Ақтау, Жаңаөзен, Орал қалаларынан 32 командадан құралған пікірсайысшылар келіп қатынасты. Аймақтық турнирдің бас төрешісі – Мұғалім Жәңсерік, бас гид – Қасымов Абай, бас ұйымдастырушы – Жақсылық Айбибі мен сенаторлық пікірсайысшы жастар болды. Аталмыш турнир тек қана АПФ пен ЛД форматтағы ойындармен емес, БПФ форматында өтуімен ерекшеленді. Сондай-ақ ойында қоғамдық маңызы бар, әлеуметтік-саяси тақырыптар қарастырылған. Командалар Британдық парламенттік формат бойынша іріктеліп, ойын Американдық парламенттік форматпен жалғасты. Соңынан кубок иегерлері анықталады. Ал ойын барысында жоғары балл жинаған

спикерлер Линкольн-Дуглас форматында ойын өрнегін көрсетіп, үздік спикерін анықтады.

Аймақтық пікірсайыс ойыны нәтижесінде үшінші орында – «Гүл әпше» фракциясының мүшелері Серік пен Гүлтұрсын, екінші орында – «NAVI» фракциясының мүшелері Айсұлтан мен Таңшолпан болды. Ал ректор кубогінің иесі – «Қос аңыз» фракциясының мүшелері Азат пен Мейрамбек атанды. Сондай-ақ «Үздік пікірсайысшы» атағын жеңіп алған – Ақтөбелік Еркін Сарин болды. Бір атап өтерлігі, аймақтық сайыста Ақтөбелік пікірсайыс клубтарынан шыққан жеңімпаздар оқ бойы оза шапты. Барлығына да «ASU CUP» жазуымен өрнектелген отандық өнімдерден жасалған бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Әр қалаға сайланған гидтер қонақ боп келген пікірсайысшыларды күтіп алып, қаламыздың көрікті жерлерін көрсетіп, турнир аяқталған соң ыстық лебіздерімен шығарып салды. Пікірсайысшылар сенаторлық достарына сәттілік тілеп, қимастықпен қоштасты. Барлық пікірсайысшылардың әрқашан тек биіктен көруіне тілекшіміз!

«Жайдарман» – әзілқойлар мекені

Әзілқой жігіттер мен қыздар жиналған «Жайдарман» ойыны жастар арасында қарқынды дамуда. Ұтымды әзілдерімен көрерменге көтеріңкі көңілкүй сыйлайтын жастар, «Жайдарман» ойнау арқылы сахна мәдениеті мен сөйлеу мәнерін, ән айтып, би билеу, сондай-ақ ой ұшқырлығымен қатар актерлік шеберліктерін дамытады. Бойында өнері бар шығармашыл жастар сапалы әзіл-қалжыңы мен шеберліктерін шыңдай түседі. Жалпы, «Жайдарман» жастарға не береді? Ол жастардың заманмен қатар дамып, өмірде өз орындарын табуына септігін тигізеді.

Осындай көңілді тапқырлар жиналған «Жайдарман» ойыны 31 наурыз күні университетіміздің «Студенттік өзін-өзі басқару құрылымының» ұйымдастыруымен наурыз айындағы іс-шараларды қорытындылады. Бұл ойынға арнайы университетіміздің факультеттерінен жасақталған командалар «Ректор кубогы-2017-ні» алу үшін сынға түсті. Атап айтқанда, «Өнер және спорт факультеті» командасы, экономика және құқық факультетінен «Пигуди», жаратылыстану және ауылшаруашылық факультетінен «Достар», гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінен «Бірдеңе», аты айтып тұрғандай «Физмат» және де инновациялық білім беру факультетінен «Innovation» командалары өнер көрсетті.

Ойын екі бөлімнен тұрды: таныстыру және жамбы ату. Командаларға әділ бағасын берген

әділқазылар құрамы «Жерұйық» командасының мүшелері Рахманов Чингиз, Ескендір Қоблан, сондай-ақ университетіміздегі «Халел» студенттік театрының режиссері әрі «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі Амиржанов Бекболат пен Жастар саясаты департаментінің қызметкерлері Сарманқұлов Нұрлан мен Құрметұлы Абылай сынды тұлғалардан жасақталды.

Ойын соңында әділқазылар өз шешімдерін шығарып, үздік ойыншыларды анықтады. Олар: Рамазан Салық, Нұрым Айбек, Қайпан Парасат, Сабыров Нұрбол, Таңатаров Қуаныш және Инаматов Әділет. «Достар», «Физмат», «Өнер және спорт факультеті» командалары Алғыс хатпен марапатталды. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, бірқатар командалардың ойын сценарий мен әзілдердің мазмұнына қатысты жетілдіретін тұстары әлі де бар.

Тартысты өткен ойын нәтижесінде



«Пигуди» командасы үшінші орынға, ал «Innovation» командасы екінші орынға ие болды. Ұтымды әзілдерімен көрермен көңілінен шыққан «Бірдеңе» командасы екінші жыл қатарынан ректор кубо-

гын қанжығаларына байлады.

Барлық командаларды жеңістерімен құттықтай отырып, мағыналы әзілдерге толы жайдарман ойыны дәстүрлі түрде өтіп тұруына тілекшіміз!

Жаңалықтарды
asu.edu.kz
сайтынан оқыңыз



Новости на нашем
сайте asu.edu.kz

Бетті дайындаған М.Такежанова

Университет дауысы



Сәуір айының алғашқы күндерінде университетімізде жастар арасында бұрын сонды болмаған "Университет дауысы" атты жоба өткізілді. Бұл оқу орнының студенттері арасында таланттарды анықтап, жас әншілердің беделін көтеру мақсатында ұйымдастырылған көлемді іс-шара.

Жоба негізінен үш бөлімнен тұрды: бірінші бөлім – халық әндері, екінші бөлім – қазақ тіліндегі заманауи әндер, үшінші бөлім – еркін тақырыптағы әндер. Университетімізде тұңғыш рет өтіп жатқан бұл жобаға арнайы

50 мың теңге көлеміндегі жүлде қоры бөлінді. Сондай-ақ 1-3 курс аралығында 7 студент бақ сынады.

Бірінші бөлімде халық әндерін өз нақышына келтіріп орындаған қатысушыларымыз, екінші бөлімде де заманауи әндерден өз өнерлерін

паш етті. Сәуірдің үшінші күні өткен алғашқы екі бөлімнің қорытындысы бойынша ақтық мәреге төрт қатысушы іріктелініп алынды. Сәйкесінше, 4-ші сәуір күні өткен сында қатысушыларымыз еркін тақырыптағы әндерімен қазылар алқасын әсем дауысымен таң қалдырды.

Қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң шығармашылығын мен орындаушылық шеберлігін әділ қазылар құрамындағы тіркеу бөлімінің директоры Балнұр Кереева, Жастар саясаты департаментінің директоры Бибінұр Қорған, "Халел"

студенттік театрының режиссері Бекболат Амиржановтар бағалады. Әділқазылардың қорытынды шешімі бойынша үшінші орынды Шаденов Бексұлтан, жүлделі екінші орынды Жолдасқалиева Мөлдір, сондай-ақ бірінші орынды Сатыбалдиев Шерхан ұтып алса, "Университет дауысы" байқауының бас жүлдесі Бақытова Айданаға бұйырды. Барлық қатысушылар ақшалай және алғыс хатпен марапатталды.

Малика ТАКЕЖАНОВА
1-курс студенті

"Кешкі студияда" Динара Сұлтан



Университетімізде алғаш рет "Кешкі Студия" бағдарламасы ашылып тұсауы кесілген болатын. Бағдарламаның жүргізушісі Нұрхан Шауқаров және ойын ғылымдарының докторы Еламан Жексенов.

"Кешкі Студия" жобасының арнайы шақырылған алғашқы қонағы Қазақстанның жарық жұлдызы "Super Star kz" және "Славян базары" жобаларының жеңімпазы Динара Сұлтан бағдарламаның тұсауын кесті.

Динара Сұлтан қазіргі уақытта отбасы жағдайына байланысты Дубай қаласында тұрып жатқанын, өзінің 4 баланың анасы екенін, алдағы уақытта шығармашылығына қайта оралып Қазақстанда үлкен концерт ұйымдастырмақ ойы барын айтып өтті.

Бағдарлама өте тартымды және қызықты деңгейде өтті. Алдын-ала дайындалған сұхбаттар мен ойын түрлері бағдарламаның көңілді өтуіне үлкен септігін тигізді. Университет оқытушылары мен студенттері көңілді кештің қонағы болып, өнер жұлдызымен фотоға түсті.

Қонаққа ретінде Динара ханымның орындауында бірнеше әндері орындалып бағдарламаның сәнін ашты. Кеш соңында университет логотипы салынған сыйлықтар табыс етілді.

Арайлым Жаңбырбайқызы

Фариза жұлдыздарының қатары көбейді



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен университетіміздің мәжіліс залында "Фариза жұлдыздары" атты жас ақындар клубының жетекшісі Әлия Дәулетбаева және клуб мүшелерімен кездесу болып өткен болатын. "Көктем жырлайды" атты әдеби кеште жас ақындардың шығарған өлеңдері оқылды. Еркін тақырыпта өткен бұл жиында "Журналстика", "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының студенттері мен магистранттары да өздерінің шығарған өлең жол-

дарын оқып берді. Арнайы шақырылған жас ақындарымызға сұрақтар қойылып, студенттеріміздің өлең шығаруға деген ізгі ниеттері мен ынталарының шыңдала түсуіне бар білгендерін ортаға салып пікір алысып отырды. Бұл кеште университетіміздің студенттері Әнел Маратова мен Әділбек Өмірзақовта жас прозашылар ретінде өздерінің жазған шығармаларынан үзінді оқып берді. Әнел мен Әділбекте "Фариза жұлдыздары" клубының белді мүшесі.

Арайлым Нарешова
медиа-қызмет маманы

15 сәуір – ғашықтар күні

«Махаббат – мәңгі ертегі»



Ежелден адамзат баласы ұлы махаббат сезімін ерекше қадірлеп, қастерлеп келген. Мына фәни дүниеге шыр етіп келген күннен – ақ анаға, отбасына, туған жеріңе, отанға деген ыстық сезім махаббатты ұғынасын. Одан өзге екі адам арасындағы алынбайтын қамалдай берік сезім махаббат бар. Соның әсері болса керек, әр халық сезімді құрметтеп, бағалануын тілеп, түрлі мерекелерді ойлап тапқан. Кіршіксіз махаббатқа толы жүрек иелері Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнін атап өтіп, осы күні барлық жақындарына, ғашықтарына сезімдерін білдіріп, құрмет көрсету әр қазақтың борышы болса керек, жастар арасында 15 сәуір ғашықтар күні болып аталып өту әдетке айналған.

Бұл екі ғашық 12–13 ғасырларда ғұмыр кешкен. Сарыбай мен Қарабайдың аяулы перзенттері. Аң аулап жүріп құдаласқан бұл екеуінің перзенттері махаббат жолында түрліше қиындықтарға куә болады. Дүниеқоңыздық пен көреалмасушылық, кек пен ашу жолдарын кессе де олар нәзік сезімдерін сақтай білген. Олардың махаббаттары осымен құнды. Қос ғашықтың махаббаттарын ұғынып, осы екі жүрек иелерінің атына күн белгілеп, 1999 жылдан бері аталып өтіліп келе жатыр.

Жастарымыз арасында «Қозы Көрпеш Баян сұлу» күнін тойлау қаншалықты маңызды?» деген сауал қойып көргенбіз...

Ақтілек Абаева, Журналистика мамандығының студенті:

«Ғашықтар күні болып танылған Валентин, Қозы Көрпеш Баян сұлу сынды атаулы күндер бар. Мен бұл мерекелерді ерекшелігімде, ерек көргім де келмейді. Өйткені Валентин күніне тоқталмасам да, Қозы Көрпеш Баян сұлу күнін қолдағым келмейді. Шындығында өмірде шан ғашықтардың қосылмайтыны бар. Жіпке тізіп, тарих беттерін парақтай отырып қосылмағандың бірқатарын атасақ болады. Мен бұл тұлғаларды тарихта болмады дегенім емес, болды. Олар әдемі

кейіпкерлер болып тарих беттерінде алтын әріптермен қалды. Сондай-ақ ойымды қорытындыласам қосылмаған ғашықтардың есімін шарықтатып тағдырлас адамдардың тойламасына кім кепіл?! Өмір өз ағынымен ағады. Мерекенің аса маңызы жоқ.»

Бекболат Амиржанов, «Халел» студенттік театрының режисері, «Жақсылыққа жаным жақын» қайырымдылық қорының мүшесі:

«Валентинге қарағанда жастарымызды осы күнге яғни махаббаттың адал иелері атанған «Қозы Көрпеш Баян сұлу» күніне үгіттеген дұрыс. Өйткені қазіргі заманда қазақтың салт-дәстүрлері біртіндеп ұмытылып бара жатыр. Бұл мереке қазақтың жастарының арасына ұлттық дәстүрді сіңірту үшін қажет.»

Марина Аманжолова, Тарих мамандығының студенті:

«Меніңше жастардың арасында бұл күнді тойлау Валентин күнінен арылуға септігін тигізеді деп ойлаймын. Әйтсе де «Қозы Көрпеш Баян сұлу» махаббаттары трагедиямен аяқталғандықтан тойлап қажет емес деп ойлаймын. Осы бір күнмен шектеліп қалмай ғашық жүректер бір-біріне деген сезімдерін әрқашан да жеткізіп жүру қажет деп білемін.»

Құндыз Меңдіғалиева, Журналистика мамандығының студенті:

«15 сәуір «Ғашықтар күні» деп қалдырған оңтайлы болар, себебі жастарымыз үшін бұл да бір адамзат аралық сезіміне деген құрмет. «День Валентина» деп өзге діндарлыққа бой ұрғаннан бойымызды тазалайды.»

Руза Шарғабаева, Менеджмент мамандығының студенті:

Екеуінің тағдырлары тоғысып, ертегідей өмірінің соңына дейін бақытты ғұмыр кешпеді. Әйтсе де адал махаббат иелері екендіктерінде аңыз болып тарих беттерінде қалды. Валентинге қарағанда бұл атаулы күнді құптамаймын»

Айсәуле АРДАҚ
Журналистика мамандығының
1-курс студенті

Студенттер басқарған апта

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 17–21 сәуір аралығында студенттердің өзін-өзі басқару апталығы өтті. Жастардың студенттік өзін-өзі басқаруға қатысуы олардың бойында дербес, белсенді, жауапкершілік, бастамашыл сынды қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Студент үшін өзін-өзі басқару – ол бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, қоғамдық жұмыстарға ат салысу, студенттердің ғылыми және басқа да бастамаларын қолдау мен дамытуға көмек.

Өзін-өзі басқару апталығы аясында ғылыми кеңестер, дөңгелек үстел, көрмелер, студенттермен кездесулер, кураторлық сағаттар және т.б. шаралар ұйымдастырылды. Толық ақпаратты газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.

"Екі жұлдыз" – дәстүрлі ән байқауы!

Университетімізде өзін-өзі басқару апталығы аясында ұйымдастырылып жатырған шаралардың бірі "Екі жұлдыз" бағдарламасы. Бұл байқаудың мақсаты – университет қызметкерлері мен студенттерін шығармашылыққа баулу, бойындағы адамгершілік, мәдени, рухани, отбасы құндылықтарын сақтау болып табылады. Байқауға әр факультет пен бөлім басшылары арасынан 11 жұп қатысты.



Бір атап өтерлігі байқаудың әділ қазылар құрамы кәсіби мамандардан құралды: Л.Р.Каримова – Құрманғазы атындағы мәдениет сарайының мәдени-демалыс бөлімінің жетекшісі, Б.Ж.Амиржанов, А.Ж.Исмағамбетова – Құрманғазы атындағы мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі, Ф.Молдрахманов – әнші, продюсер.

Ән жарысына ерекше дайындықпен келген қатысушыларымыз бірінен соң бірі тамылжыта ән шырқап көрермендер қошеметіне ие болды.

"Бәрі жақсы болады" әнімен "Айспейс Бизнес инкубатор" басшысы Шайхиева Бибігүл мен "Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар" факультетінің 4-курс студенті Қашқылдықов Қуаныш "І дәрежелі" дипломмен және 50 мың теңгелік сертификатпен марапатталды.

"Туған жер" әнімен ауылшаруашылық департаментінің басшысы Мұханбеталиев Әлібек пен "Гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері" факультетінің



Бұл байқауда университетіміздің оқу ісі жөніндегі проректоры Г.Жарасова ханымды ерекше атап өтуге болады. Ән байқауы әрдайым басшылық қызметтен көрініп жүрген бөлім басшылары мен студенттерімізге дәріс беріп жүрген оқытушыларымызды жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді.

Кештің арнайы шақырылған қонағы қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Бейбіт Қушкалиев сахна төріне шығып бірнеше әндерін тарту етіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау қорытындысы бойынша

3-курс студенті Олжабаева Гаухар "II дәрежелі" дипломмен және 30 мың теңге сыйақыға ие болды.

"III дәрежелі" диплом және 20 мың теңгелік сертификатты "Экономика және құқық" факультетінің аға оқытушысы Хаметова Жанаргүл және осы факультеттің 4-курс студенті Жапаров Зейнұр "Болайық бірге" әнімен жеңіп алды.

Сайысқа қатысқан барлық қатысушыларға "Алғыс хат" пен гүл шоқтары табыс етілді.

Арайлым НАРЕШОВА
Медиаорталық маманы

Жасыл ел – жастар еңбек жасағы!

Университетімізде Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен "Жастар ресурстық" орталығынан келген арнайы қонақтармен кездесу болып өтті. Бұл жиынның мақсаты – жастарды, студенттерді патриоттық сезімге, еңбекке араласуға талпындыруға арналған, 2005 жылы Елбасы қолдауымен қанат жайған "Студенттік құрылыс және "Жасыл ел" бағдарламасы жобасын таныстыру болатын. Жиын еркін форматта өткендіктен студенттер мен оқытушылардың пікір алмасуымен өтті. Орталықтан арнайы келген маманның түсіндіруіне байланысты биылғы жылы "Студенттік құрылыс", "Психологиялық кеңес" және көп балалы, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар, жағдайы төмен отбасы балаларына арналған "Ағылшын" тілінен және "Робототехника" курстарынан тегін курстар ашылғанын және жазғы демалыста еңбек еткісі келген жастарға арналған студенттік жасақтарға қабылдау басталғанын айтып өтті.

– Биылғы жылы жылдағыдан өзгерген тағы бір мәселе ол еңбек еткен жастарға берілетін еңбек ақы көлемінің өсуі. Былтырғы жылдары

еңбек ақысы 40 мың теңгені құраса биылғы жылы 60 мың теңгеге өскенін айтып өтті. Студенттік жасақ аудандарымыздың барлық жерінде ұйымдастырылған. Әр студент өз аудандарында, ауылдарында жұмыс жасай алады. 16 жасқа толған студенттерімізге күніне 7 сағат 20 минут берілген. Ал, 18 жастағы студенттерімізге 8 сағат еңбек уақыты белгіленген. Тағы бір айта кетерлігі, 1 студент тек 1 ай көлемінде ғана жұмыс жасай алады. Аудан балаларының қалада қалып жұмыс жасағысы келсе, жатын орын, жатақхана қарастырылатыны айтылды. Жұмыс кезінде түскі тамақ студенттердің өздерінен болады. Үйлері жақын болса өз үйлерінен тамақтанып келулеріне болатынын айтып өтті.

Бұл жасақ жөнінде толық ақпаратты "Жас Атырау" сайтынан немесе Нұрсая ықшам ауданында орналасқан 23 үйден білуге болады.

Қабылданғанда қажет құжаттар тізімі жеке куәлік және Қазпошта арқылы ашылған банк счёті талап етіледі. Әр студент өздеріне анкета толтырады. Анкета үлгісін "Жас Атырау" сайтынан алуға болады.

Арайлым Нарешова



Әлеуметтік педагогика семинарлары

Қазіргі қоғамда адам және орта, жеке адам және оның ортамен, әлеуметтік ортамен байланысы мәселесі педагогикалық ғылымда маңызды орын алады. Атырау университетінде әлеуметтік педагогикаға арналған түрлі ішаралар тұрақты ұйымдастырылады.

2017 жылдың 27 наурызы мен 8 сәуірі аралығында Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту зерттеу орталығының» ұйымдастыруымен «Әлеуметтік педагог» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Осы шараға облыс көлеміндегі мектептердің әлеуметтік педагогтары қатысты. Семинарды ұйымдастырушы координатор педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ә.М.Мұханбетжанова. Семинар курсы барысында педагогтар әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері және негізгі құжаттамаларын талдап, әлеуметтік педагогтың маман

ретіндегі моделімен танысты. Сондай-ақ білім беру мекемесінің әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін диагностикалау жолдарын талқылады. Осы семинарға кафедраның профессор оқытушылар курсы мазмұнын ашатын лекциялар оқып, теориялық білім практикалық іс-әрекетпен ұштасты. Әсіресе, топтық жұмыс, жоспарлау, диагностикалау жұмыстары өте әсерлі болды. Әлеуметтік педагог мамандар курсы соңында өздерінің жобаларын дайындап қорғады. Семинарға қатысушылар осындай қосымша білім беру курстарын тұрақты өткізіп тұрса деген тілек білдірді.

Орынгүл Абилова

Біздің қонағымыз

Дәстүр – жаңа жоба



Атырау университетіндегі қалыптасқан игі дәстүрлердің бірі елімізге танымал тұлғалармен кездесулердің өткізілуі болып табылады. Сәуірдің 17 жұлдызында қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, «Дәстүр» журналының бас редакторы Қасымхан Бегманов біздің университетімізге келді.

Бұл кездесуге Атырау университетінің профессор-оқытушылары мен студенттері, Атыраудағы Қазақстан Жазушылар Одағы филиалының директоры, ақын Қойшығұл Жылқышиев, Атырау облыстық музейінің директоры Рашила Хариповалар қатынасты. Кездесудің негізгі мақсаты – республикалық ұлттық-этнографиялық «Дәстүр» журналының «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» аталатын жаңа ғылыми-көпшілік жобасын таныстыру, этнографиялық экспедицияның жұмыс бағытын насихаттап, өңірлердегі этнографтармен, тарихшылармен, өлкетанушылармен

пікір алмасу болды.

Кездесуді тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қылышбай Сүндетұлы ашып, Қасымхан Бегмановтың шығармашылығы мен өмір жолына толық тоқталып өтті. Кездесу барысында ақын Қасымхан Бегманов Атырау облысына келу сапарының басты мақсаты мен атқарып жүрген істері туралы тыңдармандарға айтып берді. Кеш қонағы өзінің Махамбетке, Мұстафа Шоқайға арналған жырларын оқыды.

Сағынбек Жеңісұлы
Баспасөз хатшысы



Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиянға салған шақ.

Абай Құнанбаев

Ақтілек Абаева



Атырау облысы Құрманғазы ауданы Мақаш ауылында 1998 жылы 10 желтоқсанда дүниеге келген.

Әбу Сәрсенбаев атындағы қазақ орта мектебінің түлегі.

Қазіргі таңда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің журналистика мамандығы бойынша 1 курс студенті.

Жанына қаламды серік еткен жас ақынның төл туындылары басылым беттерінен төбе көрсетіп тұрады. Олардың бірқатары аудандық «Серпер», республикалық «Ұлан», «Үркер», «Мектеп мерейі», «Тәуелсіздік тірегім теберігім» атты газет-журналдарда жарияланған.

Бірнеше сайыстардың жеңімпазы атанған жас қаламгер республика көлемінде бағындырып үлгерген. «Бейбітшілік әлемі» халықаралық байқауының Гран-При иегері.

Ақтілектің басты мақсаты саналы тәрбие, сапалы білім ала отырып, еліне өз үлесін қосатын білімді ұрпақ болу. Адамдық тұғырдан құламай, келешектің кемелденуіне ат салысып, мақсатымының орындалуына бар күш жігерімді салардай қуат күшім сарқылмаса екен деген арманы бар.

Ақындықтың бар ма екен кені мен де?!

Адамды адам бағалар танып ішін.
Жырласам ғой тер төгіп халық үшін.
Көтерермін тағдырдың тауқыметін
Жан бұлбұлы сайраған сағынышым.

Тірлігімнің тынысын тыңдайды өлең
Жалған өмір талқысын сындай көрем.
Бойымдағы өнерім бар қаруым
Жақсылыққа жаратып шыңдай берем.

Ән жырымның сары уыз балапанын
Бал бөбектей аялар алақаным.
Қатайған соң қанаты ұшырамын
Өнер жолын өмірден қалағаным.

Күнделікті аз емес сабылысым
Жамандарды басады әлі мысым.
Әнім, жырым, тақ-тәжім, абыройым
Қонған өнер менің де бағым үшін.

Бір әуен тербетілсе әсем саздай
Көңлім жадырамас өлең жазбай.
Екінші тынысымсың ән мен жырым
Өмірден сенсіз алар есемде аздай.

Өмірдің шырынымен кермектігін
Бейнелеп нақыштаймын өрнек гүлін.
Жыр – теңіз терең-ау деп қарамастан

Жүземін құлашымды сермеп бүгін.

Жыр ана бас ием құдіретіне
Бөлендің қазағымның құрметіне.
Өнердің қызуы мен сәулесінен
Шашып алау қонады нұр бетіме.

Сұлу өлең шыңдағы шынарлардай.
Ғашық болып келемін құмар қанбай.
Іңкәрлікпен үмітпен ұмтыламын
Жырдан тағар кеудемде тұмар бардай.

Сусындаса көңілім жыр бұлақтан
Ақтарады сәулесін сырғып аққан.
Нұрдан інжу түзілсе жүрегімде
Шатпын хабар жеткендей бір мұраттан.

Қара өлең қасиетіңнен айналайын
Туыңды желбіретіп қолға алайын
Өлең жыр, сайлау арман саусағына
Сезімнің нұрыменен толғанайын.

Ақындықтың бар ма екен кені менде?!
Сел болып жыр жанымнан төгілер ме.
Бағыштаған еліме өлең жырым
Туған жерге дәндейін себілер ме?!

Мен Қазақпын!

Мен қазақпын ұрпағы Көк Түріктің,
Тамшысы бар бойымда тектіліктің.
Ұлықтаған өрлігін ұлылардың,
Ұмытпаған дәстүрін ескіліктің.

Мен қазақпын халықтың бағын ойлап,
Ұрандатқам ұрыста Абылайлап.
Абай сынды алыптан тарағанмын,
Кететұғын жыр десе жаны жайнап.

Мен қазақпын мейірбан жанға құмар,
Жүректерін тек ізгі жандар ұғар.
Бойларында жаудан да қаймықпайтын,
Әлия мен Мәншүктің қандары бар.

Мен қазақпын жүректе ар – иманын
Таза ұстаған, сол жайлы сан ойладым.
Намысы бар кеудемде және сосын
Мінезі бар өршілдік Фаризаның.

Мен қазақпын бәріне бауырмалмын,
Досты сатсам, Тәңірім, жанымды алғын.
Жанымдағы жандардың амандығын,
Тілеуменен бастаймын таңымды әр күн.

Мен қазапын бір сырлы, сегіз қырлы,
Ән – күйменен жүрегім егіз сынды.
Сайраңдаған сал – сері тұқымымын,
Жайраңдаған айналам тегіс нұрлы.

Мен қазақпын Алаштың айбынымын,
Жақындатқан көктегі Айды бүгін.
Кірбің салмай халықтың көңіліне,
Айналдырар шаттыққа қайғы – мұңын.

Мен қазақпын, қыздарын жылатпаған,
Жөн – жосықсыз өзгеге кінә артпаған.
Жақсылыққа әрдайым үйір болып,
Жақсылардан бір қадам жырақтаман.

Мен қазақпын қариясын құрметтеген,
Ақ жаулығын анамның кірлетпеген.
Іштен шыққан жауымды қарғап – сілеп,
Күшпен жығып жатпаймын күндеп те мен.

Мен қазақпын сүйенер Жаратқаны,
Жүзін бұрып Құбылаға қаратқаны.
Құлшылық қып жалықпай әр түн сайын,
Құлшылықпен ататын әр ақ таңы.

Мен қазақпын досқа адал қасымдағы,
Менің сенген достарым асыл бәрі.
Мен қазақпын барымды аялаған,
Місе тұтқан бағымды басымдағы.

Мен қазапын, өлгем жоқ! Қайта келдім,
Иесімін осынау байтақ елдің.

Киесімін ән – күй мен өлең – жырдың,
Айта бергім келеді, айта бергім...

Іздеу

Сіз, маған неге амандаспайсыз
Хабарласпайсыз неліктен?
Сағынтпай алға қадам баспайсыз
Жаман достайсыз еріккен.

Ойламай жүрсіз не үшін мені
Теріс үндеді кім келіп?
Қандай арудың теңізсіз деді?
Ел ішіндегі пенделік.

Жанымнан енді табылмайсыз ба,
Сағынбайсыз ба шынымен?
Жүрекке мүлде бағынбайсыз ба,
Сабылмайсыз ба түнімен.

Маған да мейлі. Жарайды. Көндім.
Талайды көрдім сіз сынды.
Ешкімнен күтпей арайды бұл күн
Кіршіксіз жүрек күрсінді.

Мен енді сізге көрермен болдым
Түнерген рөлім біткесін.
Осыған дейін өлермен болдым
Өлеңмен қойдым нүктесін.

* * * * *



Өшсін бе енді өткенім өтпелім бе ең?
Жүре берем мұңымның шекпенімен.
Қайтсем екен келеңсіз кесапатты
Мен сескенем қоңыр күз өпкенінен.

Мен жалыққам жауапсыз үміттерден
Күн кешейін қашанғы күдікпенен.
Өкінішім ғұмырды шарпып өтер
Әйтеуір бар наланы серік көрем.

Ем таппай көңілімнің қалауына
Маған бөтен секілді таң да мына
Жазғырғанда жетер ме жаған көркі
Жұпыны жүрегімнің жамауына.

Тағдырым таласымен тұрса да анық
Тұнықтық тұлғасымен тұмшаланып.
Қайтейін алшақтықты арадағы
Қайтейін тізгінімнен тұсауланып?!

Мезгілсіз мейірімнің шама шарқын
Ұғындым ұлылықпен саналатын.
Қуыс кеуде неліктен жолығады
Қалдыратын кейпімен жаман атын.

Ізгі деген жолдардың біткенінде
Қалай жетем сенімсіз көктеміме?!
Ақ әлем саған құлаш сермеп келдім
Нүкте қойып қайырылмас кеткеніме!

ЖЫРЛАЙДЫ

Назым Жолдасова



Жолдасова Назым Өмірбекқызы 1999 жылдың аязды ақпанының 11ші жұлдызында Атырау қаласында дүниеге есігін ашқан. Кішкентайынан қаламын жаныма серік етіп келеді. Бірнеше өлеңдері «Айгөлек» балалар журналына жарияланып тұрды. Ғ.Жайлыбайдың «Қара орман» поэмасын зерттеп жазған мақаласы республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне шықты. Бірнеше қалалық, облыстық жазба және суырыпсалма ақындар жарысының жүлдегері. И.Тайманов атындағы №27 орта мектепті аяқтап, 2016жылы университеттің журналистика мамандығына оқуға түседі. Арманы – ата – анасының үкілі үмітін ақтау, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болу. Өмірлік қағидасы – адами қасиеттерді, имандылықты бәрінен де биік қою. Сол қағидалар орындалса ғана, өмірім жарқын һәм сәулемді болмақ деген тұғырлы оймен өмір сүріп келеді.

Жайыққа мұң шағу

Жайыққа келдім табалап мұңым кенеттен,
Жайық – ау, мендей мұңлық ақынды көрмеп пе ең?!
Сенделген жанмын, бақытты болдым тербетсең,
Күштірек сенсің, толқыныңменен тербеткен.

Жайықта жүрем жамылып кетсем жүз қайғы,
Мазалап толқын «жыр жаз» деп мені қыстайды.
Жайықтың мұңын шиқылыменен тебеткен,
Құстардың үні менің жырыма ұқсайды.

Жайықтан кеттім, басылып бір сәт көңілім,
Қуатын берді дауылдап тұрған өңірің.
Құстар мен толқын үндесіп бір ән айтқандай,
Шаттыққа қанық болар ма еді менің өмірім?!

15.04.2016ж

Қайратты елдің Қайраты немесе елі үшін қиылған ғұмыр..

Парақ пен қалам серік боп тағы жаным,
Отырмын, міне, жан-тәнімменен ағыла.
Бейбіт күнімде бейбіт жырыммен тербелдім,
Шүкірлік қылдым тәуелсіздігімнің барына.
Отыз жыл бұрын... тарих та сырды шертеді,
Мен үшін ол күн болғаныменен ертегі.
Желтоқсан желі ызғарыменен кеудемді,
Боздақтарымның аза тағдыры өртеді.
Отыз жыл бұрын... алаңда жастар жиналды,
Кеуделеріне кек пенен ыза сыймады.
Тәуелсіздікті алып беремін деп ұлтына,
Қайратты елдің арда Қайраты қиналды.
Отыз жыл бұрын... әпкемнің шашын сүйреді,
Аппақ дала да қан жоса сасып күйреді.

«Асыл Ләззатын» қызғыштай қорғап, жауызды Қайратты елдің Қайраты келіп түйреді.
Отыз жыл бұрын... сойқал саясат мақталған,
Колбині келіп, Қонаев кетіп датталған,
Қастандыққа қарсы тұрғандардың ішінен,
Қайратты елдің Қайраты еді сотталған.
Отыз жыл бұрын... қар жауып тұрды жапалап,
Жасайын десе тағдырдың ісі қатал-ақ.
«Савицкийді өлтірді» деген жаламен,
Қайратты елдің Қайраты тұрды «апалап».
Отыз жыл бұрын... «қазақ» боп өткен затына,
Сенбеген қоғам кір келтірген-ді атына.
Желтоқсан келсе үңсіздікпенен үңілем,
Қайратты елдің Қайраты жазған хатына.
Отыз жыл бұрын... ерімеп еді тас-ғұмыр,
Ал, міне, бүгін тәуелсіз болған басқа өмір.
Болмаса сол кез қатал сынақ боп, кешер ме еді (і),
Қайратты елдің құрбан Қайраты басқа өмір?!
Елі үшін ғана қиылған еді жас-ғұмыр...

11.12.2015 жыл

Қайғылы тағдыр...

Қазақы тағдыр жаңғырығыменен жаралы,
Ұғынбас ұрпақ мың түрлі сылтау табады.
Жүректі тербеп, адамшылығымды оятқан,
Қайғылы тағдыр қайғылы жырды жазады.
Қайраткерлерім не көрмеді (і) мынау жалғанда?!
Құруды көрді құрдымға қарсы тұрғанда.
Алашы үшін шыңғырған талай азамат,
Қапыда қалды қырғынға қарсы тұрғанда.
Қайғылы лагерь-еңбекпен түзеу түрмесі,
Голощекиннің өзінше мінген мінбесі.
Сонау заманда шырғалаң қылды қазақты,
Бейбіт заманда анық-ау қайтып келмесі.
Қайғылы тағдыр дәрменсіз қылды ананы,
Аштық пен суық құрбаны етті баланы.
Кебенек киген арулар жүрді қорланып,
Арқалап еді «сатқындар» деген жаланы.
Сәбилерім-ау, кіршіксіз таза сәбилер...
Тағдырын білсе, анаң да құшып әлдилер.
Алашкерлерімнің ізі боп бүгін жүрер ме еді (і)?!
Келмей де жатып қайғыны көрген сәбилер.
Қайғылы тағдыр бүгінге қалды жаңғырып,
Жаңғырып тұрып, санадан кетпеу-заңдылық.
Қуғын-сүргіннің құрбаны болған жандарды,
Ұмытпау керек... ұмытылмау керек мәңгілік!



Мұқаңмен сырласу

-Шыда, шыда, шыдай түс.
Шыда тағы.
Шыдамдыны мына өмір ұнатады.
-Шыдай, шыдай, шаршағам бұл өмірден,
Мен сорлының қай күні «таңы» атады?!
-Өкінбе, өкпелеме бүгінгіңе
Өмір, өмір болмайды түңілуге.
-Түңілмеуге себепті айтшы, қалқам?!
Құлай ғашық болып ем өмірімде.
-Түсінемін жаныңның ауырғанын
Шыдадың ғой, шыдай түс дамылдағын.
-Дамылдадым... талай рет бақыт күткем
Келмегесін мұң моншақ жамылғамын.
-Шыда, шыда, шыдай түс, тағы шыда,
Тау құлатқан тасқынның ағысына.
-Тасқын мені итеріп алып барад (ы)
О, Тәңірім күш берші алысуға...

Пендемін ғой

Пендемін
Ақылмен өлшеп, ойлаумен дамыл таппайтын,
Жақсының жанын, ізгінің ісін жақтайтын.
Дабылыменен дарылдап тұрған өмірде,
Үңсіздік тұнған тыныш жерлерден қашпайтын.
Пендемін
Күн кешер рақымын сұрап Жаратқанының,
Білетін бақыт деп қана әр атқан күнін.
Шүкірлік қылып қиналған талай сәтінде
Өткізетұғын есебімен әр батқан күнін.
Пендемін
Тәні мен жанын сау қылу үшін жүгірер,
Сабырсыз, арыс жандардан ғана түңілер.
Қиыны менен қуанышын қатар көтеріп,
Адамнан емес, Алладан ғана жеңілер.

07.02.2016



Туған күніңізбен!

Тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Гүлжамал Батырғалиқызын мерейлі жасымен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, ғылыми-педагогикалық қызметіңізге жетістіктер тілейміз!



Физика және техникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Роза Әшімқызын мерейлі жасымен құттықтап, барлық жақсылықтарды тілейміз!



Мерейімізді өсірді

Биылғы республикалық пәндік олимпиадаға еліміздің түрлі қалаларына барған университет студенттері өз білімдерін дәлелдеп, жеңіс тұғырынан көріне білді.



Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттері Қарағандыда өткен олимпиадада I орынды жеңіп алды!!!
Филология мамандығының студенттері Асланбек Қуанышев, Кәмшат Дюсекова, Шаттық Ермекқалиева Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен ІХ республикалық пәндік олимпиадада Білім және ғылым министрлігінің ІІІ дәрежелі дипломымен, Қазақ Ұлттық университетінің ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.
Команда жетекшісі – филология ғылымдарының кандидаты Жайлы Балтоғаева.



Алматы қаласы Нархоз университетіндегі сайыста есеп және аудит мамандығының студенттері Кубашева Гүлнар, Мырзағұлова Сәулет, Рахимова Алина 3-ші орынды иемденді. Ғылыми жетекшісі – Жанат Хамидуллина



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының Кіші Фараби академиясы ІV Халықаралық Фараби Оқуларының және Фараби Форум аясында «Философия менің өмірімде» республикалық эссе конкурсында «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті Самарцева Александра (ғылыми жетекшісі – филос. ғ.к. Кенжебаев А.А.) ІІ орын алса, «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті Қабдолла Төлебике ІІІ орынға ие болды (Ғылыми жетекшісі – филос. ғ.д. Бекежан Ө.Қ.).



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Г. Қайырғалиева – редактор, 27-63-29
В. Шигаев – дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров, А.Каримов – фотографтар
А. Нарешова – хатшы
Журналистер:
С. Аронов, А. Нугманова, М. Такежанова, А. Маратова.
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #94
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынов көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана